ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Мектепке дейінгі ұйымдарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын сақтау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Методические рекомендации по соблюдению требований Государственного общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и обучения в дошкольных организациях

Астана
2016

ҚазақстанРеспубликасы Білім және ғылым министрлігінің
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген

/Мектепке дейінгі ұйымдарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын сақтау бойынша әдістемелік ұсынымдар/ - Астана, 2016. – 30 бет.

Пікір жазғандар:

Салиева А.Ж., п.ғ.к., доцент
Оразбекова С.К., меңгеруші
Есмаганбетова Б.С., әдіскер

Әдістемелік ұсынымдарда Мектепке дейінгі ұйымдарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын сақтау бойынша материал берілген.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым педагогтарына, ЖОО мен колледждердің «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығы бойынша студенттеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде (2016 жылғы 5 қыркүйектегі № 6 хаттама) қаралып ұсынылған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығы, 2016

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін жаңғыртудың тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру мақсатында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жаңартылып бекітілді (ҚР Үкіметі бекіткен 13.05.2016ж. № 292).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың стандартын жаңартудың негізі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту туралы ғылыми-педагогикалық және ата-аналар қауымдастығының ұсыныстары болып табылады.

Осы жұмыстың алдында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының мониторингін, отандық және шетелдік тәжірибелерді зерделеу, халықаралық сарапшылардың, ғылыми қызметкерлердің, мамандардың, әдіскерлер мен педагог-практиктердің қатысуымен «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының базасында республикалық және аймақтық деңгейдегі бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды.

Стандартты жаңарту ғалымдар мен мектепке дейінгі білім беру саласының мамандарынан құрылған жұмыс тобымен, мүдделі мемлекеттік органдардың, ғылыми ұйымдардың, республикалық салалық және кәсіптік қауымдастықтардың өкілдерін, Ұлттық кәсіпкерлер палатасын және басқаларды тарта отырып жүзеге асырылды.

Стандарт құрылымы келесі бөлімдерді қамтиды: «Жалпы ережелер» келесі бөлімдердің мазмұнын ашатын ақпаратты қамтиды:

«Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» деген бөлімде әрбір баланың жетістіктерінің психологиялық-педагогикалық диагностикасы негізінде ұйымдастырылған оқу қызметі және режимдік процестер арқылы іске асырылатын білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелер көрсетілген;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар» деген бөлімде мектепке дейінгі білім берудің мақсаты, құндылықтары, Бағдарламаны игерудің нормативтік мерзімдері, бес білім беру салаларының мазмұны: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» және топтар бойынша жас ерекшелік кезеңдері көрсетілген.

Стандартты жаңарту келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- глоссарийге өзгерту енгізілді: «құзыреттілік», «түйінді құзыреттілік» және т. б.ұғымдар алынып тасталды; «инклюзивті білім беру» енгізілді және нормативтік құжаттарға сәйкес ұғымдар өзгертілді;

- стандарттарды әзірлеу Қағидасына сәйкес бөлімдерді орналастыру тәртібі өзгертілді: мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына және оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар анықталды;

- жастары бойынша топтарға бөлу арқылы жас ерекшелік кезеңдері ашылды;

- жас ерекшеліктеріне сәйкес ҰОҚ- нің ұзақтығы анықталды;

- білім беру үдерісінің мазмұны «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарына, мектепке дейінгі ұйым түлегінің жеке тұлғасын дамытуға негізделген;

- баланың даму деңгейінің күтілетін нәтижелері жас тобына сәйкес айқындалған;

- тәрбие мен оқыту мазмұны: білім беру салаларын кіріктіру ашылып көрсетілген, ана тілін және басқа тілдерді, отансүйгіштік, төзімділік және рухани-адамгершілік қасиеттерді дамытуға ерекше көңіл бөлінген.

Мақсаты: Түріне және типіне, меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын сақтау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын сақтау бойынша негізгі қағидаларды жүйелеу;

- мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына және оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарды анықтау;

- мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету.

Кнтілетін нәтижелер: мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру қызметінің сапасын арттыру.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ СТАНДАРТЫ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР

Стандарт Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда міндетті талаптар жиынтығын: Бағдарламаны меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптарды; Бағдарламаның құрылымына және Бағдарламаны іске асыру жағдайына қойылатын талаптарды қамтиды.

Стандарттың мақсаты мектеп жасына дейінгі балаларда физикалық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптастыру мен дамытуға, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздік педагогикалық қағидаттарын іске асыруға жағдай жасау.

Стандартпен келесі **қағидалар** бекітілген:

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптардың бірлігі;

-жүйелілігі, бір-бірімен өзара байланысқан бірізді әрекеттер жүйесін қамтиды;

-тұтастығы, мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби даярлығының функционалдық және барлық құрылымдық (мақсаты, мазмұны, оқытудың нысандары мен әдістері) компоненттерінің өзара байланысын көрсетеді;

- мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейлерінің арасындағы сабақтастық пен үздіксіздікті қамтамасыз етеді;

- түрлі әрекет түрлерінде балалардың бастамасын қолдау.

Мақсатқа жету үшін келесі әдістемелік тәсілдер қолданылады:

- баланың жеке басын қалыптастыру және оның қабілеттерін дамытуға педагогикалық үдеріске қатысушылар – ата-аналармен, педагогтармен, әлеуметпен кешенді тәсіл;

- «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларының өтпелі тақырыптарын бірігіп тануда өзара кіріктіру енгізіледі.

- мектепке дейінгі ұйымда балалардың біліктері мен дағдыларының даму индикаторларына және дамуға бақылау жүргізу негізінде балалардың жетістігін диагностикалауды;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды іске асыру.

Стандарттың «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар» бөлімінде әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолдарымен іске асырылатын: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларының мазмұны анықталған.

«Денсаулық» білім беру саласы

Мақсаты: өз денсаулығына саналы қарауды дамыту, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсінуге тәрбиелеу, қимыл белсенділігін дамыту және дене бітімі қасиеттерін қалыптастыру.

«Денсаулық» білім беру саласының мазмұны баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байытуға; шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, тәрбиеленушілердің қимыл белсенділігіне сұраныстарын жетілдіруге бағытталған.

«Коммуникация» білім беру саласы

Мақсаты: айналадағы адамдармен араласуға қабілетті, көптілді тұлғаны тәрбиелеу үшін баланың қажетті коммуникативтік дағдыларын дамыту.

«Коммуникация» білім беру саласының мазмұны ересектермен және балалармен еркін араласу дағдыларын дамытуға; зейінділікке, сөйлеуге, балалар әдебиетіне қызықтыруға бағытталған.

«Таным» білім беру саласы

Мақсаты: қоршаған әлеммен өзара іс-қимыл үшін қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген мектепке дейінгі тұлғаны қалыптастыру.

«Таным» білім беру саласы мазмұны қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру: жиынтық туралы түсініктерді, сандық есептеу дағдыларын жетілдіру, геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыру, кеңістікті және уақытты бағдарлауды; құрылыс, табиғи және қалдық материалдар және конструктордың бөліктерінен құрастыруды; тірі және өлі табиғат заттары мен маусымдық құбылыстар, өсімдіктер туралы білімін кеңейтуді, қазақ және басқа халықтардың әлеуметтік-мәдени құндылықтары, дәстүрлері мен мерекелері туралы, адамдардың ортақ мекені ретінде Жер планетасы, оның табиғатының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейтуді қамтиды.

«Шығармашылық» білім беру саласы

Мақсаты: баланың шығармашылық ойлау мәдениетінің негізі ретінде оның сезімдік-эмоционалдық саласы мен қиялын дамыту.

«Шығармашылық» білім беру саласы сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және өнер туындыларын қабылдауды мен түсінуді дамытуды, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды; өнер түрлері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыруды; музыканы, отандық композиторлардың шығармаларын, ұлттық музыкалық аспаптарды, көркем әдебиетті, фольклорды қабылдауды; көркем шығармалардың кейіпкерлеріне жанашырлықты ынталандыруды; балалардың өзіндік шығармашылық қызметін іске асыруын қамтиды.

«Әлеумет» білім беру саласы

Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілікке, үлкендерді құрметтеуге, айналасындағыларға жағымды мінез-құлықты және қайырымды қатынасты тәрбиелеу.

Білім беру саласы қоғамда өзін ұстаудың адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді, баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін; дербес болуын, өзінің қылықтарына

жауап беруін, өзінің қимылдарының мақсаттығы мен реттеуді; адамгершілік қасиеттерін: елгезектікті, жанашырлықты, өзінің туыстары мен жақындарына құрметпен қарауды, өзінің отбасын жақсы көруін дамытуды; салт-дәстүрлерді сақтауды, тарихты, қазақ халқының тұрмысын білуді және құрметтеуді; Қазақстан біздің ортақ үйіміз екені туралы түсініктерін кеңейтуді, сондай-ақ басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлерін құрметтеуді; еңбек пен шығармашылықтың әртүрлі түрлеріне қызығушылықтарын қалыптастыруды; тұрмыста, қоғамда және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық негіздерін тәрбиелеуді қамтиды.

Мазмұнын жүзеге асыру балалардың жеке және жас ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады.Санитарлық ережелер негізінде «Балаларды мектепке дейінгі тәрбе мен оқыту нысандарына санитарлық-эпидемиологиалық талаптар» (2015 ж. 17 наурыздағы № 217 ҚРҰЭМ)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 20 бөлімінде жас және топтық кезеңдер көрсетілген:

1) **бөбек жасы** – 1 жастан 3 жасқа дейін:
ерте жас – 1 жастан 2 жасқа дейін (ерте жастағы топ);
кіші жас – 2 жастан 3 жасқа дейін (бірінші кіші топ);

2) **мектепке дейінгі жас** – 3 жастан 6 (7) жасқа дейін:
мектепке дейінгі кіші жас – 3 жастан 4 жасқа дейін (екінші кіші топ);
мектепке дейінгі орта жас – 4 жастан 5 жасқа дейін (ортаңғы топ);
мектепке дейінгі естияр жас – 5 жастан 6 (7) жасқа дейін (5 жастан 6 жасқа дейін – мектепке дейінгі ұйымдағы ересектер тобы, 6 жастан 7 жасқа дейін – жалпы білім беретін мектептегі, лицейдегі, гимназиядағы мектепалды даярлық сыныбы).

Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үрдісінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталғанда балалардың мектепке дайындығының алғы шарттары қалыптасады. Стандарт мектепке дейінгі ұйым түлегінің моделін сомдайды:

1) дене бітімі дамыған;
2) білуге құмар;
3) белсенді;
4) эмоциялық елгезек;
5) үлкендермен және құрдастармен қарым-қатынас жасау құралдары мен өзара іс-қимыл тәсілдерін меңгерген;
6) өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (елі), әлем және табиғат жөнінде алғашқы түсініктері бар;
7) мектепте оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды игерген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балалардың дене бітімі, рухани-адамгершілік, әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА МЖБС ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Мектепке дейінгі білім беру қызметінің басым бағыттарының бірі сапалы мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде Үлгілік оқу жоспары (бұдан әрі-ҮОЖ) ҚР БҒМ бекіткен 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама), (2016 жылғы 12 тамыздағы ҚР БҒМ №499 бұйрығы) әзірленді.

Стандар талаптары : мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы баланың қабілеті мен мүддесін жүзеге асыруға бағытталған білім беру және қосымша бағдарламаларды әзірлеу үшін негіз болып табылады; мектепке дейінгі ұйымдар үшін дидактикалық құралдар мен әдістемелік ұсынымдар үшін; мектепке дейінгі ұйымдар мен педагогтарын аттестациядан өткізу үшін; ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған білім беру бағдарламаларын (денесінің дамуы мен психологиялық дамуында ауытқушылығы бар); педагогикалық кадрлардың біліктілігін көтеру курстарын әзірлеу үшін қажет.

Стандарт талаптары баланың қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске асыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын және қосымша бағдарламаларды әзірлеуге негіз болып табылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын; мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-дидактикалық құралдар мен әдістемелік ұсынымдарды; мектепке дейінгі ұйымдар мен педагогтардың қызметін мемлекеттік аттестаттау талаптарын; ерекше білім беруге қажеттіліктері бар (психикалық және физикалық дамуында түрлі ауытқушылықтары бар) балаларға арналған білім беру бағдарламасын; педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлеу кезінде міндетті.

Бағдаралама міндеттері:

- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру;
- -мектепке дейінгі білім берудің сабақтастық және үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- балалардың дене, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру;
- әр жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеру бойынша мониторинг ұйымдастыру;
- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара ықпалдастығы.

Бағдарламада жарты жылдық бойынша күтілетін нәтижелер айқындалған.

Нлгілік оқу жоспарына сәйкес білім беру салаларына жаңарту енгізілді: «Дене тәрбиесі және спорт туралы» ҚР Заңына сәйкес (2014 жылғы 3 маусымдағы № 228-V) 2016.22. 01. берілген өзгерістермен мен толықтыруларымен)

«Денсаулық» білім беру саласында сағаттар саны ерте жас тобынан бастап, ортаңғы топтарды қосқанда апталық жүктеменің көлемі 3 сағатты құрайды. «Коммуникация» білім беру саласында шет тілін оқыту ересек тобынан басталады.

«Әлеумет» білім беру саласында бірдей атаулардың қайталануын болдырмау мақсатында білім беру салаларынан «Көркем әдебиет» алынып тасталды. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес «Экология» ұйымдастырылған оқу қызметі «Экология негіздері» болып өзгертілді.

Стандартпен білім беру қызметінің түрлері тағайындалған:

-ұйымдастырылған оқу қызметі; -ересектермен бірлескен қызмет; -өз бетінше қызмет.

Әрбір білім беру саласының мазмұнында жарты жылдық бойынша балалардың базалық білімді, біліктер мен дағдыларды игеруінің күтілетін нәтижелері анықталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімі -5 (6) жыл.

Стандарттың талаптарын жүзеге асыру үшін әрбір мектепке дейінгі ұйымда жағдай жасалып, мынадай талаптар қосылды:

психологиялық-педагогикалық жағдайларға қойылатын талаптар: ересектердің балаға құрметпен қарауы, балалардың жағымды өзін-өзі бағалауын, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сенімділігін қолдау; білім беру әрекетінде жұмыстың балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс түрлері мен әдістерін қолдану;

педагогикалық үрдістті ұйымдастыруға қойылатын талаптар: мектепке дейінгі ұйымдарды педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету, педагогикалық шеберлігін арттыру; тиімді білім беру инновациялық технологиялары мен әдістерін меңгеру; балалардың даму бұзылыстары мен әлеуметтік бейімделуін диагностикалау және түзету үшін қажетті жағдайларды жасау; балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулықтарын қорғау мен нығайтуда ата-аналарды қолдау, ата-аналарды білім беру әрекетіне тарту.

Бағдарламаны игеру мониторингі ҚРБҒДМБ сәйкес 3 рет өткізілу керек (старттық, аралық, қорытынды).

заттық-кеңістік дамытушы ортаға қойылатын талаптар Заттық-кеңістік дамытушы орта толық мазмұнды, өзгермелі, көпатқарымды, вариативті, қолжетімді және қауіпсіз болуы керек. Заттық-кеңістік дамытушы ортаны құру кезінде гендерлік тәсілді ескеру және ұлдар мен қыздарға тән заттар, ойыншықтар және материалдармен қамтамасыз ету.

инновациялық технологиялар мен әдістерді меңгеру; баланың жас ерекшеліктері мен психо-физиологиялық ерекшеліктерін ескере және баланың зияткерлік, тұлғалық және әлеуметтік дамуы үшін жаңашыл техннологиялар мен әдістер қолданылады.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының

негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың және білім беру ұйымдарындағы мектепалды сыныптардың педагог қызметкерлерінің айлық еңбекақысын есептеу үшін оқу жүктемесінің апталық ең жоғарғы көлемі 24 сағатты құрайды.(20 сағат негізгі оқу жүктемесінде қарастырылған, МЖБС бес саласы мазмұнын жүзеге асыруға бағытталған, 4 сағат- қызметтің басқа түрлеріне мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес арналады (ойын, өз бетінше жұмыс, шығармашылық, жеке жұмыс жәнне т.б.).

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы:

- ерте жастағы балалар үшін-7-15 минут;
- мектепке дейінгі орта жастағы балалар үшін– 15-20 минут;
- мектепке дейінгі естияр жастағы балалар үшін– 25-30 минут.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жас топтары бойынша вариативтік жүктеменің жалпы көлемі аптасына:

- екінші кіші жас тобы (3-4 жас) – 1 сағат
- орта топ (4-5 жас) - 2 сағат
- ересек топ (5-6 жас) - 3 сағат
- мектеп алды даярлық сыныбы (топ) (6-7 жас)-4 сағатты құрайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектепке дейінгі білім беру жүйесі үнемі өзгеріп, жетілдіріліп, жаңартылады.Ол қоғамның маңызды әлеуметтік тапсырысын орындайды, оның дамуының факторларының бірі болып табылады.Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметінде нормативтік құжаттарды басшылыққа алады және олардың негізгілерінің бірі Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты болып табылады.

2015-2016 оқу жылында меншік нысанына қарамастан барлық мектепке дейінгі ұйымдар Стандарттың жаңартылған мазмұнына сәйкес оқу жылын бастады. Мектепке дейінгі ұйымдардың МЖБС мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үрдісінде кешенді: тікелей білім беру қызметінде, ұжымдық, өз бетінше және ата-аналармен жұмыс жүргізу кезінде жүзеге асады.

Стандартты жүзеге асыру мақсатында:

- Үлгілік оқу жоспары Бағдарламаның жүзеге асыру механизмдерін және жас топтары бойынша апталық жүктеменің нормативтік көлемін айқындайды;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы (1 жастан 6 (7) жасқа дейін) балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес кешенді дамуын қамтамасыз етеді;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасына Әдістемелік басшылық мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына әдістемелік көмек үшін әзірленген және Бағдарламаның құрамдас бөлігі болып табылады.

Стандартты мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асыру үшін мынадай талаптар қосылды:

-пәндік дамытушы ортаға талаптар балалардың дамуын жүзеге асыру үшін ыңғайластырылған, кеңістік ортаның білім беру әлеуетін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

-мектеп жасына дейінгі балалардың дене бітімін, рухани-адамгершілік, әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту үшін жағдай жасау талаптары;

-кадрлық жағдайға талаптар Бағдарламаны тиімді жүзеге асыру үшін кәсіби талаптардың жиынтығын қамтамасыз етеді;

-кәсіби деңгейін көтеру үшін педагогтың жеке жоспарына талаптар; -

балалалардың дамуын бағалауға, білім беру сапасын басқаруға; -

бағдарламаның мазмұнын игеру нәтижесіне бағдарланғанталапта; -өз

бетінше жұмыс қызметіне қойылатын талаптар, ҰОҚ тыс түрлі қызмет арқылы жүзеге асады; -түзету жұмысының құрлымына

қойылатын талаптар;

-түзету жұмыстарының жеке жоспарын құру үшін түзету жұмыстарының құрылымына, өтпелі тақырыптарға сәйкес циклограмма құруға қойылатын талаптар.

Аталған Стандарт талаптарын сақтау мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын балалардың тиімді игеруі үшін негіз болып табылады.

№1 Қосымша

Жаңартылған білім беру мазмұнын ЕНГІЗУ КЕСТЕСІ

Оқу жылы	Мектеп алды даярлық	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
2015-2016	А+Э	А+Э										
2016-2017		1	А+Э			А+Э		А+Э				
2017-2018	А+Э	1	2	А+Э		5	А+Э	7	А+Э		А+Э	
2018-2019		1	2	3	А+Э	5	6	7	8	А+Э	10	А+Э
2019-2020 (қайта нөмірлеу)	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

-Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу

А+Э -Жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламалары мен оқулықтарын апробация мен сараптамадан өткізу

№2 Қосымша

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III, 2015.13.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

2.Қазақстан Республикасының «ҚР тілдер туралы» Заңы 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 (2014. 30.01. берілген өзгерістермен мен толықтыруларымен)

3.Қазақстан Республикасының «ҚР Мемлекеттік рәміздер туралы» (2012 жылғы 28 маусымдағы №23-V) Заңы

4.Қазақстан Республикасының «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Заңы (2007 жылғы 21 шілдедегі №306)

5.Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы (2002 жылғы 11 шілдедегі N 343)

6.2010 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентінің №1118 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы»

7.Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеу қағидалары (ҚР БҒМ 2014 жылғы 25 қарашадағы №484 бұйрығы)

8.«Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚРҰЭМ 2015 жылғы 17 наурыздағы №217 бұйрығы)

9.«Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі жастағы (7 жасқа толмаған) балаларды кезекке қою» мемлекеттік қызмет стандарты. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 мамырдағы №538 қаулысы).

10.«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 633 қаулысы).

11.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы «23» тамыздағы №1080 қаулысы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы «13» мамырдағы № 292 қаулысына 1-қосымша

12.ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығы

МАЗМҰНЫ

1. Түсіндірме жазба 3
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытудың МЖБС талаптарын сақтау бойынша негізгі қағидалар 5
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда МЖБС талаптарын сақтау бойынша әдістемелік ұсынымдар 8
4. Қорытынды 11
5. Әдебиеттер тізімі 14
6. Қосымша №1,№2 13